

БӨЛІМ: ТӘРБИЕ САҒАТЫ

«Қамқор аға вожатый» атты еріктілер тобы

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.07.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/141703/

«Қамқор аға вожатый» атты еріктілер тобы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ «ӨРЛЕУ» БАҒО» АҚ филиалы РКДИ ұйымдастыруымен Жетісу облысы, Талдықорған қаласында 2023 жылы 24-сәуір-05 мамыр аралығында «Білім беру ұйымдарындағы аға –тәлімгердің кәсіби құзіреттілгін дамыту тақырыбында біліктілік арттыру курс өткізілді. Курс жеткшісі Өрлеу» БАҒО АҚФ РКДИ «Менеджмент және Инклюзивті білім беру» кафедрасының аға оқытушысы **Жаксылыкова Кенжекул Зарлыхановна** педагогтерге дәріс берді.

Педагогтердің біліктілігін арттыратын «Білім беру ұйымдарындағы аға тәлімгерлердің кәсіби құзіреттілігін дамыту» білім беру бағдарламасы білім алушыларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру жұмыстарын жоспарлауға және ұйымдастыруға байланысты кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған. **Курс мазмұнды**, тиімді және қажетті білімге толы болды. Соның бірін айта кетсем білім саласындағы волонтерлік және қайырымдылық қызметінің мақсаттары мен міндеттері, білім беру ұйымындағы волонтерлік және қайырымдылық шараларды ұйымдастырудың әдістері мен формаларын оқып білу міндеттері талқыланды. Еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты өйткені, еліміздің тізгінін ұстап, жеріміздің байлығын, тарихымыз бен мәдениетіміздің асыл мұрасын қастерлеп, ұлтымыздың лайықты перзенті бола алатын ұрпақ тәрбиелеу, оларға жан жақты қамқорлық көрсетіп, мейірім шуағын, жүрек жылуын сыйлау халқымызға тән асыл қасиетіміз.

Ел Президенті Қ.Тоқаев «ҚР Президенті ретінде мен әрқашан волонтерлардың қозғалысын қолдайтынымды жеткіземін. 2020 жылды Волонтерлар қозғалысының жылы деп жариялау туралы ұсыныстарыңызды толығымен қолдаймын. Еріктілер – жаны таза адамдар. Олар – елдің шынайы патриоты, сол үшін де құрметім шексіз. Белсенді азаматтық ұстанымдарыңыз мемлекеттің дамуына айтарлықтай септігін тигізетіні сөзсіз».

2020 жыл Еріктілер жылы деп ресми жарияланған еді.

Волонтерлік қызмет – әлеуметтік бағытталған ерікті, еркін ерік білдіру бойынша орындалатын, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүддесінде өтеусіз негізде жүзеге асырылатын қоғамдық пайдалы қызмет.

ВОЛОНТЕР — ерікті түрде, өз ниеттерін негізге ала отырып, қоғам игілігі үшін жұмысқа қатысатын адам.

ВОЛОНТЕРЛІК – басқа адамдардың игілігі үшін ақы төленбейтін, саналы, ерікті қызмет. Осы қарапайым анықтамаларда терең мағына бар және жеке алынған ұйымда немесе ұлттық деңгейде волонтерлікті дамытудың жетістігі оларды түсінуге тікелей байланысты.

Осыған орай, 25 курс қатысушыларынан құралған «Қамқор аға вожатый » атты еріктілер тобы құрылды. 28 сәуір күні: Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімінің №17 орта мектепе КММ директорының қатысуымен қайырымдылық іс-шара өтіліп курс қатысушылар атынан әлеуметтік жағдайы төмен отбасы білім алушыларына Аз қамтылған ,көп балалы, толық емес отбасы мектеп оқушыларына жазғы лагерьге қажетті заттар алуға көмек берілді.

Қайырымдылықтай асыл қасиетіміз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын таба берсін!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.